

## Қызылорда облысының білім беру және мәдениет ұйымдарына атау беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 11 тамыздағы № 553 қаулысы.

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 4-1) тармақшасына, "Қазақстан Республикасының аумағындағы әуежайларға, порттарға, теміржол вокзалдарына, теміржол стансаларына, метрополитен стансаларына, автовокзалдарға, автостансаларға, физикалық-географиялық және мемлекет меншігіндегі басқа да объектілерге атау беру, сондай-ақ оларды қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға жеке адамдардың есімін беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы № 281 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қызылорда облысының мынадай білім беру және мәдениет ұйымдарына:

1) "Қызылорда облысының білім басқармасының "Қызылорда қызмет көрсету және сервис колледжі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына Мұрат Саламатовтың есімі;

2) "Жаңақорған ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің аудандық кітапханасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Адырбек Сопыбековтің есімі берілсін.

2. Осы қаулы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*Ә. Смайылов*